



Сабақтың тақырыбы :
М. Мақатаев
« Аққулар ұйықтағанда »
поэмасы

«Аққу -киелі құс»

Сабақтың мақсаты: Ақынның өміріне шолу жасау, сөзімен өлең өрген жыр пырағы - Мұқағали туралы дерек, поэмасының тақырыбы мен идеясы, қушылардың поэзия туралы түсініктерін,сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту.

А)Білімділік:Ақынның поэзиясының өміршеңдігін таныту,көркемдік тілін ашу.

Ә)Дамытушылық:Оқушының сөйлеу тілін дамыту,өз ойын еркін,жаттық жеткізе білуге,мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастыру.

Б)Танымдық:Өз бетімен іздене білуге,ой қорытуға үйрету.

В)Тәрбиелік мәні: Туған жерге деген сүйіспеншілікке, адамгершілікке, табиғат әсемдігін түсінуге,қасиетті нәрселерді қадір тұтуға тәрбиелеу.


Сабақтың көрнекілігі: Интерактивті тақта,кітаптар,бүктеме қағаз.

Сабақтың түрі: Дәстүрлі емес сабақ.

Сабақтың әдісі: талдау,пікір сайыс,сұрақ-жауап.

Пәнаралық байланыс: Музыка,тарих,биология.

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру.



Сабақтың

жоспары:

1

«Менің Мұқағалим» сұрақ

2

жауап
«Топтастыру»

3

стратегиясы
«Ой шақыру»

4

стратегиясы
Проблемаға

5

шығу
«Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан

6

сахналық көрініс
«Аққу –киелі құс» пікір

7

сайыс
Болж

8

ау
Үкі

9

Мұқағали өлеңдеріндегі сезім
мен сыр

10

Ғасырдың ғаламат
ақыны

**I.Үй тапсырмасының шарты: «Менің Мұқағалиім»
«Ақынның өзіңе ұнаған өлеңін жатқа айту және сенің
Мұқағалиің екенін дәлелде».**

Сұрақ: «Сенің Мұқағалиің қандай?»

«Менің қымбатты достарым! Егер сіздер шынымен менің өмірбаянымды, шығармаларымды зерттемек болсаңдар, онда мен не жазсам, соның бәрін түгел оқып шығуды ұмытпағайсыздар. Мені өз өлеңдерімнен бөліп қарамауларыңызды өтінем. Естеріңізде болсын, менің өлеңім жеке тұрғанда түк те емес. Біріктіріп қарағанда ол поэма іспетті. Басы және аяғы бар. Ол кейде күлімдеген, кейде түңілген жанымның құдды дауысындай...»

М.Мақатаев

II. «Топтастыру» стратегиясы



Мұқағали
кім?




**Ақын
өлеңдеріне
жазылған
әндер**

. «Ой шақыру» стратегиясы. Біз Мұқағали ақынды – поэзия патшасы десек, ендеше, поэзия патшалығына сапар шегіп көрейік. Міне, патшалықтың алтын қақпасы ашылды. “Аққулар ұйықтағанда» сарайының кілті өз қолдарыңда. Қазіргі сәттен бастап осы сарайдың сырына үңіліп көрейікші. Іске сәт!



Қазақтың қара өлеңі құдіреттім, Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген-депті





Т.Молдағалиев: «Мұқағали поэмаларының ең асылы, ең биігі деп мен «Моцарт», «Жан азасы», мен «Аққулар ұйықтағанда» деген дүниесін айтамын. Бұлар-алтын ішіндегі меруерттей сәуле шашатын ұлы дүниелер. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы 1973 жылы «Жалын» альманағында жарияланды. Мұқағалимен кездескенде поэмасын көп мақтадым.» Тұмаш осы поэманы Ғабит ағаға апарып оқыдым. Разы болып, мына алтын қаламды сыйлады»-деді Мұқағали. Мен: «Өте дұрыс еткен екенсің, Мұқа» Ғабен ұнатса бүкіл халық ұнатады деген сөз»-дедім тебіреніп. Мұқағали бір ойға шолмып үнсіз қалды. Бұл-Мұқағалидің өзінің аққу әні еді.


- Мұқағали – жыр жазудың шебері. Осы поэмада басы артық дүние жоқ. Абай айтқандай, «теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы» деген өлшемге композициясы да сыйып тұрған поэма.

IV. Проблемаға шығу. Ақынның поэмасындағы негізгі арқау болған тақырып не?

Тақырып



Сұлулықты неден көресіңдер?





Зұлымдық деген не?

www.artlabonline.com

Simon Arlian
2002 ©

V. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан сахналық көрініс.




VI. «Аққу- киелі құс» Пікір сайыс

-Жақтаушы топ: “Аққу-киелі құс”

Аққуды атуға болмайды.

-Даттаушы топ “Ананың балаға деген махаббатын дәлелдеу үшін аққуды атуға болады.”



Аққу құсы-махаббаттың белгісі ғой,
Аққу құсы-тазалықтың таңбасы ғой,
Осындай киелі құс барма екен жан-жағында,
Махаббаттың белгісін құраған құс.

V11. Болжау-оқиғаны қалай аяқтаған болар едің?

V111. Үкім-Аққуды атуға болады ма?

IX. Мұқағали өлеңдеріндегі сезім мен сыр.

X. Ғасырдың ғаламат ақыны.

Сөзжұмбақ

ҚЫЗЫ

2 М.Мақатаевтың поэмасы

3 М.Мақатаевтың өлеңіне жазылған
ән

4 М.Мақатаевтың шешесі

5 М.Мақатаевтың әкесі

6 М.Мақатаевтың әжесі

7 М.Мақатаевтың туған жері

8 М.Мақатаевтың жан-жары

9 М.Мақатаевтың өлеңіне жазылған
ән

10 М.Мақатаевтың композитор досы

Күн құшқан айдын көлде жалғыз
аққу

Қаңқылдап қанатымен сабалап су,
Таранып қаранады жан-жағына,
Сұлуды тасалама ,көк торғын құс!

Құрметті шәкірттерім, ақын Ф.Оңғарсынова “Мұқағалидай ақыны бар халық-- - бақытты халық” деген екен. Олай болса, сыршыл ақынның өміршең шығармасымен танысқан сендер сол бақытты халықтың бақытты ұрпағысыңдар!

